

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/269 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 шілдеде № 11710 болып тіркелді.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) алып тасталды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 19 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 12 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы 8 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 4-3/269 бұйрығымен
бекітілген

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап - тексеруден өткізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 04.05.2020 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу

қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) иеленуші - меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару құқығында не өзге де заңды негізде машинаға иелік ететін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі - иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы));

2) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) тіркеу құжаты - машинаның жол қозғалысына қатысуға және пайдалануға жіберілгенін растайтын, машинаға арналған ресми құжат болып табылатын техникалық паспорт;

4) "цифрлық үкіметтің" операторы (бұдан әрі – оператор) – Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, оған бекітілген "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген заңды тұлға;

5) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

3. Осы Қағидалардың 19-тармағында айқындалған машиналарды қоспағанда иеленушілерге (көрсетілетін қызметті алушыларға) тиесілі және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органында (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган (

көрсетілетін қызметті беруші)) мемлекеттік (уақытша) тіркеуде тұрған машиналар жылына бір рет мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өтуі тиіс.

4. Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру олардың техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, тиесілілігін және басқа да тіркеу деректерінің тиесілілігін нақтылау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы қағидаларын өрескел бұзушылықтарды (техниканың аталған түріне шығарушы зауыттың берген реттеуші құжаттамаларымен) және ақаулықтарды ескерту мақсатында жүргізіледі.

5. электрондық цифрлық қолтаңба – цифрлық қолтаңбаның жеке кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2-тарау. Машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу тәртібі

6. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуді жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

7. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру үшін жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын ескере отырып, машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу кестесін (бұдан әрі - кесте) жасайды, онда машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізетін орны, күні және уақыты туралы мәліметтер қамтылады.

Кестені жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) ауыл шаруашылығы саласындағы функцияны жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

8. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей мерзімді баспа басылымдарында жариялау жолымен иеленушілерді (көрсетілетін қызметті алушыларды) машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізуге ұсыну мерзімдері, шарттары мен тәртібі туралы хабардар етеді.

9. Көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүзеге асыратын машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру осындай жұмыстар басталар алдында машиналардың тікелей орналасқан жері бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

10. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу үшін иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қағаз түрінде не "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

11. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсе маманы құжаттар келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде оларды тіркейді және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушіге) жауапты инженер-инспекторын тағайындайтын жергілікті атқарушы органның басшысына (көрсетілетін қызметті берушіге) жолдайды.

Құжаттар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, оларды тіркеу және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты инженер-инспекторы құжаттар келіп түскен күні оларды "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ) тіркейді, иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы "Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ пайдалана отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама дайындайды және жібереді.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда және мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы "Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ пайдалана отырып өткізу күнін, орны мен уақытын көрсете отырып, жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруді өткізуге дайын екендігі туралы хабархат дайындайды.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) тіркеу пунктінде машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу туралы өтінішпен жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды (бұдан әрі – уәжді бас тарту) дайындайды.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) машиналардың орналасқан жері бойынша машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу туралы өтінішпен жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) иеленушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ иеленушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдалым туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдалымды жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Тыңдалым рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Тыңдалым нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқауды өткізуге дайындығы туралы хабарламаны не уәжді бас тартуды ресімдейді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

12-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

12-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

Ескерту. 12-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

12-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 12-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 12-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 12-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

12-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мынадай жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсету процесін тоқтата тұрады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы.

Ескерту. 12-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

13. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысы "Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ арқылы жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуге дайын екендігі туралы хабарламаға немесе уәжді бас тартуға қол қояды.

Жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруді өткізуге дайын екендігі туралы хабарлама немесе уәжді бас тарту портал арқылы электрондық құжат түрінде иеленушінің (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жіберіледі немесе басып шығарылып, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторының қолымен, тіркеу пунктінің мөртаңбасымен куәландырылады және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

14. Машиналарды техникалық қарап-тексеру машина иеленушінің (көрсетілетін қызметті алушының) не оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

15. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізген кезде:

1) машиналардың кімге тиесілі екенін нақтылайды, типінің, моделінің, шығарылған жылының, машинаның, шассидің, қозғалтқыштың, рамасының, зауыттық нөмірінің және нөмірлік белгісінің тіркеу құжатында жазылған деректерге сәйкестігін тексереді;

2) машиналардың техникалық жай-күйінің машиналарды техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптармен реттелетін нормативтік техникалық құжаттарға сәйкестігін тексереді.

16. Агрегаттар мен механизмдер ажыратылмай, диагностикалық аспаптар мен бақылау құралдарын пайдалана отырып тексеріледі. Тіркемелердің техникалық жай-күйі тракторлық поезддың құрамында (тарту-ілу құрылғысы мен тежегішті бұғаттағыштың ақаусыздығын бақылау үшін) тексеріледі.

17. Машиналарды техникалық қарап-тексеруге қойылатын талаптармен реттелетін нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өтпеген болып саналады.

18. Шығарылғанына 5 (бес) жылға дейінгі жаңа машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу тіркеу пункттерінде тіркелгеннен кейін алғашқы 5 (бес) жыл ішінде бір рет олардың техникалық жай-күйі тексерілмей жүргізіледі.

19. Техникалық қарап-тексеруден өткен машиналарға тіркеу құжатына (техникалық паспортына) "Ақаусыз" деген жазу жазылады, ал техникалық қарап-тексеруден өтпеген машиналарға "Ақауы бар" деген жазу жазылады, ол жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің мөртабанымен расталады.

20. Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа өңірлерге 2 (екі) және одан да көп айдан астам мерзімге шыққан машиналар олардың уақытша болған жерінде техникалық қарап-тексеруден өткізуге ұсынылады.

21. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткен жеке тұлғалардың машиналары туралы мәліметтерді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды техникалық қарап-тексеру журналына енгізеді.

22. Заңды тұлғалардың машиналарын мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу актісін ресімдейді. Машиналарды

техникалық қарап-тексеруден өткізу актісі екі данада жасалады, оның біреуі заңды тұлғаның өкіліне беріледі, ал екіншісі тіркеу пунктінде қалады.

23. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) Заңның 5-бабы 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне келіп түседі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

24. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) техникалық ақаулық анықталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл туралы операторды хабардар етеді.

Туындаған ақаулықты жою жұмыстары жүргізілгеннен кейін оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) қол қояды.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3-тарау. Шағымдану тәртібі

25. Мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПҚ-нің 91-бабы 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік орган және (немесе) лауазымды адам) жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші шағымды 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-қимыл жасалған жағдайда, шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды тұлғаға) жібермейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Иеленушінің (көрсетілетін қызметті алушының) шағымын Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес:

жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабы 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.01.2023 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауыл шаруашылық,
мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды жыл сайынғы
мемлекеттік техникалық
қарап-тексеруден өткізу

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық

маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының атауы)

(жеке тұлға үшін - аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты

мекенжайы; заңды тұлға үшін - атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жерінің

мекенжайы (заңды мекенжайы))

Өтініш

машинаны/ларды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуді сұраймын.

Өтініш берушінің қолы _____ 20__ жылғы " ____ " _____

20__ жылғы " ____ " _____ сағат ____ минутта қабылданды.

Инженер-инспектор _____

қолы

Техникалық қарап-тексеруден _____ 20__ жылғы " ____ " _____

(өтті/өтпеді)

Тракторларды және олардың
базасында
жасалған өздігінен жүретін
шассилер
мен механизмдерді, өздігінен
жүретін
ауылшаруашылық,
мелиорациялық
және жол-құрылыс
машиналарын,
сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі
жоғары арнайы машиналарды
жүргізу құқығына емтихандар

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеру жүргізу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.04.2026 № 247 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінімдерін қабылдау: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:	Машиналардың тікелей орналасқан жері бойынша өтінім тіркелген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде. Машиналар тіркеу пунктіне берілген жағдайда – өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Тіркеу құжатына (техникалық паспортқа) инженер-инспектордың қолымен және көрсетілетін қызметті берушінің мөртабанымен расталған "Ақау бар" не "Ақаусыз" деген жазба енгізу немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.
	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем	

6.	мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру - сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады; 2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:	көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде: 1) нысан бойынша өтініш; 2) тіркеу құжаты. портал арқылы жүгінген кезде: 1) Электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) тіркеу құжатының электрондық көшірмесі. Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды: көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын оның көшірмесіндегі құжаттар

		топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, қойылған белгі растайды; портал арқылы тапсырған кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.
9.	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті алу үшін "Мемлекеттік көрсетілетін және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.
10.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің жай-күйі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы телефоны: 1414, 8 800 080 7777 Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) мемлекеттік органдардың www.gov.kz интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында; 2) порталда; 3) тиісті қызмет берушінің интернет-ресурсында орналасқан. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні

		ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына жібереді. Үшінші тұлғалардың көрсетілетін қызметтерді алу шарттары: Порталдағы "жеке кабинеттен", сондай-ақ субъектінің порталда тіркелген ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді жіберу немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған, мәліметтері сұратылып отырған тұлғаның келісімі болған жағдайда, үшінші тұлғалардың электрондық сұранымы.
--	--	---

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қосa алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу журналы

Р/с №	Қарап-тексеру жүргізілген күні	Машинаның атауы және маркасы	Нөмірлері		Мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі	Иесінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Техникалық жай-күйі туралы қорытынды (ақауы бар, ақаусыз)	Машина иеленушінің қолы
			Шассидің немесе жеке сәйкестендіру нөмірінің (VIN коды)	қозғалтқыштың				
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Тракторларды және олардың

базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждalған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауыл шаруашылық,
мелиорациялық және жол-
құрылыс машиналары мен
механизмдерін, жүріп өту
мүмкіндігі жоғары арнайы
машиналарды жыл сайынғы
мемлекеттік техникалық
қарап-тексеруден өткізу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу актісі

20__ жылғы " __ " _____

Мен, _____

_____ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық

маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы инженер-инспекторының аты, әкесінің аты

(бар болса), тегі)

_____ бірге

(қарап-тексеруге қатысушы адамдардың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

_____ (заңды тұлғаның атауы)

теңгерімінде тұрған машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткіздім.

Машиналарды техникалық қарап-тексеруден өткізу кезінде мыналар анықтады:

1. Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруге _____ бірлік (саны) мынадай машиналар ұсынылды:

			Шығарушы зауыттың реттік нөмірі		Машиналардың мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткендігі
			машинаның (рамасының)		

Р/с №	Машинаның атауы	Мемлекеттік тіркеу нөмірі		қозғалтқыш ың	Шығарылған жылы	туралы қорытынды
1	2	3	4	5	6	7

Техникалық қарап-тексеруден _____ бірлік машина өтті

(саны)

Техникалық қарап-тексеруден _____ бірлік машина өтпеді, оның

(саны)

ішінде мынадай себептермен:

техникалық ақауы бар _____ бірлік;

(саны)

конструкциясы нормативтік-техникалық құжаттамаларға сәйкес келмейді

_____ бірлік:

(саны)

мемлекеттік тіркеу деректеріне сәйкес келмейді _____ бірлік.

2. _____ машина мемлекеттік техникалық қарап-тексеруге ұсынылмады:

(саны)

Р/с №	Машинаның маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі	Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруге ұсынбау себептері
1	2	3	4

Заңды тұлғаның басшысы _____

(қолы аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бухгалтер (немесе есеп жүргізуші адам) _____

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Инженер-инспектор _____

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса) , тегі)

Машина иеленуші немесе

оған уәкілеттік берілген адам:

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса) , тегі)

